



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№
31.10.2024 № 5 ге

**Тұрақты комиссияның
2024 жылғы 31 қазандағы
қаулысы**

**Жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету туралы**

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» ақпаратты тындап, талқылай отырып, келесіні атап өтеді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша белгілі бір жұмыс жүргізуде.

Астанада 698 бағдаршам нысаны жұмыс істейді, оның ішінде 208 бірлік реттелетін жаяу жүргіншілер өткелі, 473 бірлік көліктік бағдаршам нысаны.

Ағымдағы жылы 17 бағдаршам нысаны орнатылды (*оның ішінде 9 көлік, 8 жаяу жүргінші*).

Жол қозғалысын ұйымдастыруды жақсарту үшін ұзындығы 100,5 км 27 көшеде, ал 2024 жылы Мәңгілік Ел даңғылында, Әл-Фараби көшесінде және Тұран даңғылында қосымша Bus Lane енгізілді.

Тұтқындалған көлік құралдарына арналған 2 арнайы тұрақ және 1 уақытша тұрақ жұмыс істейді:

- 1) Көктал ш/а, Кенжин көшесі 3/1-700 машина-орын;
- 2) Алаш тас жолы 45а-600 машина-орын.

Алаш тас жолында, ПР-18 және ПР-17 көшелерінің қиылысы ауданында (жобалық атаулар) айыппұл тұрағын салуға ауданы 5,6416 га жер учаскесі берілді.

Сонымен қатар, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, жол қозғалысын ұйымдастыруда және көше-жол желісі саласында шұғыл назар аударуды және шешуді талап ететін бірқатар проблемалар бар.

Отырысқа қатысушылар жол қозғалысының қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына елеулі әсер ететін жолдарды жөндеу бойынша аяқталмаған жұмыстар проблемасына назар аударды. Көптеген жағдайларда жолдарды жөндеу белгісіз уақытқа созылады, бұл жол қозғалысына кедергі келтіреді және

жол-көлік оқиғаларының қаупі артады. Жолдардың кейбір учаскелері ешқандай себепсіз жабық күйінде қалады, бұл жүргізушілердің наразылығын тудырады және айтарлықтай кептелістерге әкеледі.

«Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) уәкілетті мемлекеттік органының жұмысы «Үркер» және «Ильинка» ТМ тұрғындарының наразылығын тудырады.

Басқарма жолдарды, жаяу жолдарды, көшелерді жарықтандыруды жөндеу, сондай-ақ жоғарыда аталған тұрғын алаптарда жол белгілерін, бағдаршамдарды және жол белгілерін уақтылы орнату жөнінде шаралар қабылдамайды.

Велосипед жолында самокат пен скутерлердің қозғалысы туралы сұрақтар бар.

Қолданыстағы веложолды жолдан және жаяу жүргіншілер аймағынан шекаралық таспен ажыратуды ескере отырып, қайта жаңарту қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

уақытша тұтқындалған автокөлікті сақтауға арналған жаңа мамандандырылған автотұрақтар салу мәселесін зерделеу;

жол құрылысын аяқтау мерзімдерінің сақталуын бақылау жүйесін енгізу;

жол жамылғысының қайта бұзылуын болдырмау үшін жүргізілетін жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауды күшейту;

веложолдар инфрақұрылымын одан әрі күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету үшін бірыңғай әкімшіні айқындау ұсынылсын;

2025-2026 жылдарға Алматы қаласының тәжірибесін ескере отырып, қала қиылыстарын түсіру және жол кептелісін жеңілдету мақсатында көп деңгейлі айрықтарды салу үшін қаржы бөлуді көздеу ұсынылсын.

3. Астана қаласының полиция Департаментіне:

қалада жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұйымдастыру мақсатында көше-жол желісінің жай-күйіне тұрақты түрде тексеру және жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу;

жаяу жүргіншілерге соғылу ықтималдығы жоғары мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің жанында балалардың жол-көлік жарақаттануын азайту және алдын алу үшін жаяу жүргіншілер қоршауларын, қажетті белгілер мен бағдаршам жабдықтарын орнатуды көздеу ұсынылсын;

4. Астана қаласының полиция департаментіне «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

Қ. Сәтбаев және Обоған көшелерінің қиылысында Оңтүстік-шығыс тұрғын алабы ауданында бағдаршам орнату мәселесін зерделеу.

5. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Есіл» ауданының аппаратымен бірлесіп, Бұқар жырау көшесі бойынша жол құрылысы аяқталғанға дейін жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында уақытша бағдаршам объектісін, жол белгілерін орнату, жолды толтыру және ағымдағы «жарықтандыру» бағдарламасы бойынша жарықтандыруды жайластыру жөнінде іс-шараларды жүргізу ұсынылсын;

көше-жол желісін дамытуды ескере отырып, бұрын қалыптасқан жоспарларға сәйкес зияткерлік көлік жүйесін (үшінші кезең) енгізуді және одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

жол белгілерін, әсіресе негізгі жолдарда салу бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімдерін бақылауға алу ұсынылсын.

6. «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Нұра», «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппараттарына «Күйгенжар», «Кирпичный», «Мичурино» тұрғын алаптарын ескере отырып, жылы аялдамаларды орнату қажеттілігі туралы ақпарат (мекенжайларын көрсете отырып) беру ұсынылсын.

7. «Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ «Үркер» және «Ильинка» тұрғын алаптарында жолдарды, жаяужолдарды, көшелерді жарықтандыруды жөндеуді аяқтау;

«Үркер» және «Ильинка» тұрғын алаптарында жол белгілері мен бағдаршамдар орнату ұсынылсын

8. «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ:


қаланың барлық аудандары мен ірі объектілерін өзара байланыстыратын «сақина» типі бойынша веложолдарды жайластыру мәселесін зерделеу;

қолданыстағы веложолды оның жүріс бөлігінен және жаяу жүргіншілер аймағынан шекаралық таспен ажыратылуын ескере отырып, қайта жаңартуды пысықтау (әртүрлі деңгейлерде жайластыру) ұсынылсын.

9. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «City Transportation Systems» СТС-пен бірлесіп, Қабанбай батыр даңғылы, Қорғалжын тас жолы, Тұран даңғылы аудандарында көлік айрықтарының жобаларын таныстыру;

Тұран даңғылы бойынша көлік дәлізінің құрылысына қатысты қорытынды беру ұсынылсын.

**Астана қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



А. Айтқожин